

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 ақпандағы N 218 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 тамыз N 865

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 ақпандағы N 218 P020218\_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін :

1) 1-тармақ "жоспары" деген сөзден кейін "(бұдан әрі - Жоспар)"

деген сөздермен толықтырылсын

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар Әділет министрлігіне және Үкіметке айдың 20-күнінен кешіктірмей Жоспарда белгіленген заң жобаларын ұсынсын";

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарында:

реттік нөмірлері 7, 9, 10, 15, 18, 19, 25 және 27-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 35-1, 40-1, 58, 59 және 60-жолдармен толықтырылсын:

"35-1 Қазақстан ЭМРМ маусым шілде тамыз

Республикасының Ұ.С. Қарабалин

кейбір заң актілеріне  
жер қойнауын пайдалану  
және мұнай операцияла.

рын жүргізу мәселелері  
бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу

туралы

40-1 Қазақстан Бас прокуратура шілде тамыз қыркүйек

Республикасындағы (келісім бойынша) А.Қ. Дауылбаев

мемлекеттік

құқықтық статистика

және қылмысты

- есепке алу туралы
- 58 Қазақстан Ұлтбанк қазан қараша желтоқсан  
Республикасының (келісім бойынша) А.Ф. Сәйденов  
кейбір заң актіле.  
ріне (банк және валюта  
заңнамасы мәселелері  
бойынша) өзгерістер  
мен толықтырулар  
енгізу туралы
- 59 Қазақстан ҚорМ қазан қараша желтоқсан  
Республикасындағы Ғ.К. Әмрин  
балама қызмет туралы
- 60 Дәрі-дәрмектер туралы ДСМ қазан қараша желтоқсан  
А.Т. Айдарханов"

"Заң жобаларының әзірленуі және енгізілуі үшін жауапты тұлға  
(меморган басшысының бірінші орынбасары)" бағанындағы реттік нөмірлері 29,  
32, 49 және 50-жолдардағы "К.А.Колпаков" деген сөздер "А.Ф.Сәйденов" деген  
сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.